Тұрғын емес ғимараттарды / құрылыстарды салу бойынша жұмыстарына түсіндірме жазба

Жобаны іске асыру орны экологиялық аймаққа жататын Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті болып танылады.

Жоба тұрғын емес ғимараттарды / құрылыстарды салу бойынша жұмыстар.

Тұрғын емес ғимараттарды / құрылыстарды салу бойынша жұмыстары жылда жүргізіліп келеді. Дегенмен тұрғын емес ғимараттарды, құрылыстарды салу қажеттігі туындауда.

Осыған байланысты жоба әзірленіп, мемлекеттік сатып алу жұмыстарын жүргізіп, жұмыстарды орындату қажет.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағы 28) тармақшасына сәйкес - аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға құқылы делінген.

Нақты мердігерді таңдау себептері: Тапсырыс беруші бәсекелестік әдістерді қолдана отырып, тұрғын емес ғимараттарды, құрылыстарды салу жұмыстарына мониторинг жүргізіп, нәтижесінде Республика аумағында орналасқан жеткізушілер өте төмен баға ұсынысымен жеңімпаз болып, жұмыстарды сапасыз, мерзімінен кеш орындап жатқандығы анықталды.

Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінен тұрғын емес ғимараттарды/ құрылыстарды салу жұмыстарын жүргізетін 3 (үш) әлеуетті өнім берушілерге коммерциялық ұсыныс жолданып, нәтижесінде орындаушы төмен баға ұсынған әлеуетті өнім беруші болып танылды.

Орындаушы - шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарына ие.

Қазалы ауданы бойынша абаттандыру және соған ұқсас жұмыстарға 8 жылдан астам тәжірибесі бар.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №687 бұйрығының (*Бұдан әрі – Бұйрық*) 508-бөлігінің талаптарына сәйкес бәсекелестік сақтала отырып, елді мекен аумағындағы 3 *(үш)* әлеуетті өнім берушіге ұсыным беріп, неғұрлым төмен баға ұсынған өнім берушімен тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылады.

Бұйрықтың 506-бөлігі - мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

Әйтеке би кентінің әкімі **А.Абиев**